ОРТАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ

Ортау ауылы **04.02.2026 ж.**

Төрағалық еткен: Т. Дошанов – қоғамдық төрағасы
Хатшы: Н. Мұқыш – ауылдық округ әкімдігінің бас маманы
Қатысқандар: М.Б. Дюсембаев – Ортау ауылдық округінің әкімі
Ортау ауылының тұрғындары
Жергілікті қоғамдастық мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

Ортау ауылдық округінің ішкі көше жолдары, Сарыбұлақ бөлімшесі мен Жартас елді мекенінің жолдарын қысқы қардан тазалау жұмыстарын бір көзден сатып алу тәсілімен ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

М.Б.Дюсембаев – Ортау ауылдық округінің әкімі:
Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдеден №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының талаптарын басшылыққа ала отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жүзеге асыру мақсатында негізгі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданатынын хабарлады. Биылғы жылы ауылдық округтің ішкі көше жолдарын қысқы қардан тазалауға **2 500 000 теңге (ҚҚС-сыз)** бөлініп отыр. Ауылдық округтің ішкі көше жолдары, ауылдық округке қарасты Жартас елді мекені, Сарыбұлақ бөлімшесі жолдарын қысқы қардан тазалау жұмыстары, Ортау–Қызылтау тас жолдарының су өтетін арналарын қардан тазалау жұмыстары сапалы болу үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының №687 бұйрығына көрсетілген бір көзден сатып алу тәсілімен келісімшартқа отыру ұсыныс болып отыр.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

К. Жакупбеков – ауыл тұрғыны:
Ауылдық округтегі ішкі шаруашылық жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, аталған жұмысты уақытылы әрі сапалы орындау үшін тиісті техниканың, соған сай жауапты орындаушының болғаны дұрыс екенін айтты.

Ж. Туржанов – ауыл тұрғыны:
Бұрын-соңды бұндай жұмыстар атқарылып келе жатқанын, мердігерлердің тізімі таныстырылып, әрқайсысына мінездеме берілгенін атап өтті.

Т.Дошанов – жергілікті қоғамдық төрағасы:
Аталған мәселе бойынша бірнеше мердігерлермен бір көзден сатып алу тәсілімен келісім-шартқа отыру ұсынылғанын айтты. Сонымен қатар, «Мукушев Гарифулла Аманбаевич» жеке кәсіпкерлігі дәл осы уақытқа дейін ауылымыздың бірнеше жұмыстарын тиісті деңгейде атқарғанын, Ортау–Қызылтау тас жолдарының ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, өтетін су арналарының (колонна) ашылу жұмыстарын жасағанын атап өтті. Сондай-ақ, Ақадыр–Ортау–Қызылтау тас жолын қысқы қардан тазалау жұмыстарын да уақытылы әрі сапалы атқарғанын жеткізді.

ЖИНАЛЫС ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ортау ауылдық округінің ішкі көше жолдарын, ауылға қарасты Сарыбұлақ бөлімшесі, Жартас елді мекенінің жолдарын қысқы қардан тазалау жұмыстарын, Ортау–Қызылтау тас жолдарының су өтетін арналарын қардан тазалау жұмыстарын **«Мукушев Гарифулла Аманбаевич» жеке кәсіпкерлігімен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыруға келісім берілсін.**
2. Жоғарыда айтылған мәселелердің орындалуын бақылау Ортау ауылдық округі әкімдігімен бірлесе жергілікті қоғамдық мүшелеріне тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы: **Т. Дошанов**
Хатшы: **Н. Мұқыш**